

Дайындаған Құдайбергенов Азамат

МОРФИН

Морфин $C_{17}H_{19}NO_3$ (ежелгі грек құдайы Морфей — гр. Μορφεύς немесе гр. Μορφῆας атына қойылған) - апиынды көкнәрдін сүт сөлінен алынатын ауырғанды басатын есірткілік зат. Ұйықтататын (*Paraver somniferum*) және ауырсынуды басатын құрал ретінде қолданылады (адам массасына байланысты белгіленген дозадан жоғары қолданылса у ретінде әсер етеді). Опиумның басты алкалоиды, құрамының 10%-ын алады. Морфин Америкада азамат соғысы кезінде кең қолданыста болған. Жарақат алғандарға операциядан кейінгі ауырсынуларды жеңілдету үшін күн сайын енгізген. Бұл пациенттердің тәуелділігін туғызды. Морфинді сол кезде «солдат ауруы» деп атаған. Морфин дүниежүзілік соғыстар кезінде медициналық мақсаттармен қатар, рахат алу үшін де қолданылған. Морфин – кристалды ақ түсті парашок, иісі жоқ, кәмпит дәмінен бірден тануға болады. Морфин суда және спиртке нашар ериді.

Ашылу тарихы

Ең алғаш морфинді неміс фармацевті Фридрих Вильгельм Адам Сертюрнер, 1804 жылы өте күшті есірткі - опиумнан алды. Бірақ инъекциялық иненің ойлап табылуына байланысты, морфин тек 1853 жылы кең қолданысқа ие болды. Кейін ауру-басқыш ретінде қолданылды, алайда азамат соғысы кезінде ол көп қолданылғандықтан 400 мың адам морфинге тәуелділікке ұшырады. XIX ғ. соңыда, соғыс аяқталған соң көптеген солдаттар тәуелді болып қала берді. Көптеген дәрігерлер (өздерінің хабардар болғандарына сене отырып) морфинді қабылдағаннан кейін тәуелділікке ұшыраған. Морфинге тәуелділік жиі ең алғаш қолданғаннан-ақ пайда болған. Кейінірек көптеген атақты адамдар (Михаил Булгаков, Владимир Высоцкий, Эдит Пиаф) "ұйқыға тартатын" есірткінің қармағында болған.

Пайдаланудың ағзаға

әсері

Морфинді қолданған соң 5-10 минутта ол миға жетеді. Концентрациясы ең жоғары уақыт - 20 минуттан соң. Ағзаға түскен кезде мидің рецепторларын бұзып, ұйқы және жылу сезгізіп, эйфория пайда болады. Көптеген жағдайларда рецепторлардың бұзылуы тәуелділікке әкеледі. Адамның ойлау қабілеті төмендеп, ол айналадағы болып жатқан оқиғаға мән бермейді.

Есірткінің адамды жаулап алуы осындай схемада жүреді:

Әрбір есірткі- у. Дозаны алған соң ағза белсенділігін арттырып, улы шығаруға тырысады. Сондықтан адам өзін "көтерілгендей", жігерлі сезіне бастайды. Барлық жақсы сезім: бақыт, энтузиазм, шабыт адам бойына келеді. Алайда бұл жасанды жолмен алынған сезім. Уақыт өте келе олар кетеді және адам бастапқы күйіне қайта оралады, алайда ендігіде жағдайы нашарлап, көңіл-күйі бұрынғыдан төмен болады. Тағыда доза алған соң ағза қайтадан "көтерілісті" сезінеді. Бұл жалғаса келе ағза үйреніседі де қалыпты тамақ іше бастап, ауру - есірткі қолданған кезде ғана әлсірейді. Басқаша айтқанда адам есірткіге тәуелді болады. Кезекті доза қабылдау - азапты ауруды ең кемінде бір күнге басу жолына айналады.

Морфинді пайдаланушылардың белгілері

Көздің көрінерліктей тартылуы, кішкене қызарып сәл жылтырауы; көз асты көгеруі, үзік, баяу тыныс; мұрын қышынуы; әлсіреу және ұйқылы көзқарас; сөздерді бөле сойлеу; енжарлық және жалпы релаксация; өзінен басқаларға немқұрайлы қарау; эйфория және ұқыпсыздық; шамадан тыс батылдылық; ашуланшақтық; тері және шырышты қабықтың құрғауы(ерні, тілі); ұйқы жетіспеушілігі; сұйықтық бөлудің азаюы; суық тиген жағдайда жүтел болмайды; дене температурасының шамалы төмендеуі; тыныс алу орталығының тежелуі; Уытты дозалары периодты түрде дем алу мен тыныстың тоқтауынан кейінгі өлімге әкеледі.

Морфинмен уланған жағдайда опий рецепторларының антагонисттерін қолданады, көбіне налорфин (агонист-антагонист) және налоксон (антагонист). Рецепторлар үшін талас арқасында, налорфин морфиннің барлық эффекттерін жойып, эйфория, құсу, бас айналу және тыныс алуды қалыптандырады.